

Материалдарды рәсімдеу ережесі:

Баяндама мәтіні (5-7 бет) WORD 6.0 (7.0) мәтіндік редакторында «Times New Roman» шрифтімен (шрифт өлшемі – 14, аралық интервалы – 1, жол жиегі жоғары және төмен жағынан – 2,0 см, сол жағы — 3 см, оң жағы – 1,5 см, бір жолдық интервал, азат жол басындағы интервал стандартты (1.25 см) жазылуы тиіс.

Бастапқы жолдың сол жағында ӘОЖ индексі жазылады. Келесі жолдың ортасында баяндаманың тақырыбы бас әріппен майлы бояумен жазылады. Бір жолдан кейін автордың аты-жөні толығымен жазылады. Келесі жолда – ұйым, қала атауы, автордың электронды поштасы курсивпен жазылады. Негізгі мәтін бір жолдан кейін басталады.

Мәтіндегі библиографиялық сілтемелері төртбұрышты тік [] жақшаларда беріледі, олардың тізімі – мәтіннің соңында біркелкі нөмірлермен беріледі. Сілтеме – әр бетте келтіріледі. Беттердің нөмірлері оң жақ төменгі бұрышында қойылады. Кесте мен суреттер мәтіннің ішінде беріледі. Сонымен қатар кестелердің жоғарғы жағында тақырыбы, ал суреттерде – астыңғы жағында атауы болуы тиіс.

Файлдың атауында автордың тегі мен аты-жөні белгіленуі қажет.